



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 ақпан N 280

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлықтың жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
ЖАРЛЫҒЫ**

Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мен мемлекеттік қолдау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - **Б а ғ д а р л а м а**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы

Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Бағдарламаны іске асыру барысы туралы жиынтық талдау баяндамасын ұсынсын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2001 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
N\_\_ Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту  
мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті  
дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарламаны "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002  
әзірлеу туралы жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске  
негіздеме асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы  
7 наурыздағы N 367

P000367\_

қаулысының

### 3.11.3.-тармағы

Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі
Бағдарламаның мақсаты	Шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру
Бағдарламаның міндеттері	Бағдарлама мақсатын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр: халықты жұмыспен қамту; қоғамдық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелеріндегі рөлін күшейту; шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторын басымдықты дамыту; кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамыту; шағын кәсіпкерлік қызметінің жекелеген мәністерін мемлекеттік реттеуден салалық және салааралық қауымдастықтар арқылы өзін-өзі реттеуге, "мемлекет - кәсіпкерлік бірлестіктер" әріптестік қатынастар жүйесін құруға біртіндеп көшу
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары	Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және іске асырылуын бақылау Шағын бизнесті қолдаудың қаржылық-несиелік және инвестициялық саясатының тетіктерін жетілдіру Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту
Қаржыландыру көздері	Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қаржылық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен

көрсетілген мақсаттарға жыл сайын көзделетін қаржының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы алатын мақсатты заемдардың, мемлекеттік заттай гранттардың шегінде жүзеге асырылады

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкі нәтиже	2002 жылдың аяғына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілері санының 500 мыңға дейін өсуі, олардың өндірістік, қаржылық, ғылыми-технологиялық, сауда-делдалдық және басқа салалардағы ұтымды арақатынасына қол жеткізу, жаңа жұмыс орындарының құрылуы мен шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылған адамдар санының екі миллионға дейін артуы. 2002 жылдың аяғына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 22 пайызға дейін өсуге тиіс
Іске асыру мерзімдері	2001-2002 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысының 3.11.3.-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірледі.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын 1992 және 2000 жылдардағы кезең ішінде іске асыру Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерліктің жасақталуы мен қалыптасуына негіз салды.

Шағын кәсіпкерлік экономикасының жинақылығы салыстырмалы түрде аздаған инвестициялар мен тәуекел жасауымен қысқа мерзім ішінде, бірінші кезекте тауар айналысы саласындағы, сол кездегі жағдайды өзгертуге және тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398\_ және "Азаматтар мен заңды тұлғалардың

кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 U983928\_ Жарлықтары соңғы жылдары шағын кәсіпкерліктің дамуына қуатты серпін берді.

Бағдарлама "Қазақстан-2030" Стратегиясының қағидаларында әзірленді және негізделді.

### 3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Реформалардың бастапқы кезеңінде заң жүзінде ұсынылған мемлекеттік қолдау кепілдіктері бүгін өз нәтижелерін беруде. Шағын кәсіпкерлік саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың осы секторында қалыптасып келе жатқан оң үрдістер туралы айғақтайды.

Қазіргі кезде шағын кәсіпкерлік саласында 1,5 миллион адам жұмыспен қамтылған, бұл жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының ширегінен астам бөлігін құрайды.

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 372 мыңнан астам шағын кәсіпкерлік субъектісі (заңды және жеке тұлғалар) тіркелген болатын, олардың ішінен жұмыс істейтіндері 329,1 мыңды құрайды, шағын бизнес саласында жұмыспен қамтылғандардың саны - 1445,5 мың адам. Шағын кәсіпкерлік субъектілері 1999 жыл ішінде 435,8 млрд. теңге сомасына өнім өндірді және қызмет көрсетті, бюджетке 33,7 млрд. теңге салық төлемдері түсті.

Шағын бизнес өкілдері 2000 жыл ішінде 532,6 млрд. теңге сомасына өнім өндірді және қызмет көрсетті, ол 1999 жылдың тиісті көрсеткішінен 1,2 есе артық. Шағын кәсіпкерлік субъектісі осының алдындағы жылдың осындай кезеңіне қарағанда бюджетке төленетін төлемді 1,4 есе көбейтті.

2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 388,2 мың шағын кәсіпкерлік субъектісі (заңды және жеке тұлғалар) тіркелген, олардың 353,6 мың жұмыс істейді (бұл көрсеткіш өткен жылдың жоғарыда аталған кезеңімен салыстырғанда 1,1 есе өсті).

Шағын кәсіпкерліктің даму үрдістерін талдау олардың серпінді-үдемелі сипаты бар екенін және әлеуметтік шиеленісті төмендету факторы мен халықты жұмыспен қамтамасыз ету негізі бола отырып, өзінің оң нәтижесін беріп отырғанын айғақтайды. Сөйтіп, кәсіпкерлік уклад экономикаға барған сайын тиісті икемділік беріп келеді, оның дамуының шешуші факторы болып келеді. Шағын кәсіпкерлік жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құру жолымен халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, рынокты әртүрлі тауарлармен және қызмет көрсетулермен молықтырып отыр.

1998 жылдан бастап 2000 жылға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіріп отырған өнім көлемінің салалық құрылымындағы кейбір оң өзгерістерге қарамастан, ауыл шаруашылығы 9,4%-ға, өнеркәсіп 1,5 %-ға, құрылыс 1,6%-ға өсті, шағын кәсіпкерлік қызметінің неғұрлым анық үстем түрі сауда-делдалдық қызмет (тауарлар мен қызмет көрсетулердің жалпы көлемінің 2/3-сіне жуық) болып қалып отыр. Шағын

кәсіпкерлік саласынан түсетін салық түсімдерінің деңгейі республика бойынша салық түсімдерінің жалпы көлемінің 8-10%-ын құрайды.

Өнімнің жаңа түрлерінің саны, менеджменттің деңгейі, өндірілетін тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасы бұрынғысынша олардың деңгейін арттыруға септігін тигізетін іс-шаралар әзірлеу мен оны іске асыруды талап етеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құбылмалы жағдайларға шектен тыс тәуелділігі көбінесе жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарының іс-әрекеттеріне байланысты болып отыр.

Жаңа жұмыс орындарын құру, тауар рыногын отандық тауарлармен және қызмет көрсетулермен молықтыру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің инновациялық белсенділігін арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту, дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, арнайы мемлекеттік қолдау шараларынсыз мүмкін емес.

Мыналар:

шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы объектілерінің желісін дамыту; қолданылып жүрген заңдарды жергілікті деңгейде атқару жөніндегі орындаушылық тәртіпті жақсарту;

негізгі және айналым қаражатын алу үшін несиелік ресурстарға қол жеткізуді жеңілдету;

экономиканың нақты секторындағы коммуналдық меншіктің есебіндегі жұмыс істемейтін өндірістік үй-жайларды шағын бизнес кәсіпорындарының алу рәсімін оңайлату;

кадрларды даярлау мен шағын бизнесті ақпараттық қолдаудың тұтас жүйесін әзірлеу арқылы Бағдарламаның бірінші кезектегі шараларын іске асыру шағын кәсіпкерлікті дамытуды тежеп отырған проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

#### 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері оның мақсатымен айқындалған және мыналар:

халықты жұмыспен қамту;

қоғамдық және кәсіптік ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелеріндегі рөлін күшейту;

шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласын басымдықты дамыту;

кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамыту;

шағын кәсіпкерлік қызметінің жекелеген мәністерін мемлекеттік реттеуден салалық және салааралық қауымдастықтар арқылы өзін-өзі реттеуге, "мемлекет - кәсіпкерлік бірлестіктер" әріптестік қатынастар жүйесін құруға біртіндеп көшу арқылы шағын

кәсіпкерлік субъектілерінің тұрақты қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып т ұ ж ы р ы м д а л а д ы .

Бағдарлама іс-шараларын іске асыру кезінде жоғарыда аталған міндеттерді шешу республикалық та, аймақтық та деңгейде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның және Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы оның іске асырылуына қарай уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Мемлекетінің басшысына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндайтын болады.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асырудың тетігі

Қол жеткізілген оң үрдістерді орнықтыру мен кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болып отырған проблемаларды жою мақсатында Бағдарламада мынадай негізгі бағыттар:

құрылып отырған шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру;

шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және іске асырылуын бақылау;

шағын бизнесті қолдаудың қаржылық-несиелік және инвестициялық саясаты тетіктерін жетілдіру;

шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету ;

шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру көздеде .

Көрсетілген бағыттарда кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі саясатты жүргізу шағын кәсіпкерліктің, әсіресе экономиканың өндірістік, инновациялық салаларында тиімді институционалдық қайта құрулар, инфрақұрылымды жетілдіру мен дамыту, қаржылық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және кәсіпкерлік кадрларын даярлау негізінде одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Белгіленген шараларды іске асыру аймақтық құрылымдардың іс-әрекеттерін кәсіпкерлердің мүдделерімен және мүмкіндіктерімен барынша біріктіруге мүмкіндік беретініне бүгін сенім бар .

5.1. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру

Шағын бизнестің табысты дамуын айқындайтын басты шарттардың бірі шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қамтамасыз ететін инфрақұрылымның жақсы дамыған және дұрыс жұмыс жасайтын элементтерінің жолға қойылуы болып табылады . Кәсіпкерліктің жеке жүйесін құру мен қолдау - бұл рыноктық қайта құруларды жүзеге асырып жатқан елдердің аса маңызды міндеті.

Қазіргі уақытта республикада шағын кәсіпорындардың өміршеңдігі мен өсуін арттыратын, жаңа отандық технологияларды жасауға және игеруге, жоғары рентабельді

ғылымды көп қажет ететін өнімдерді шығаруға мүмкіндік туғызатын, кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді құралы болып табылатын бизнес-инкубаторлар, технопарктер және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орталықтар жұмыс жасауда.

Бірақ, шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру идеясы Қазақстанның көптеген аймақтарында қолдау тапқанына және тарағанына қарамастан, жұмыс жасап тұрған ұйымдардың туындап келе жатқан тәжірибесі республика кәсіпкерлігін қолдаудың рыноктық инфрақұрылымын табысты дамыту үшін жеткіліксіз. Кәсіпкерлікті қолдаудың республикалық жүйесінің дамуын тежеп отырған бірқатар мәністер бар: кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы объектілерін құру жөнінде бірыңғай әдістемелік ұсынымдар әзірленген жоқ, жергілікті жерлердегі атқарушы өкіметпен өзара іс-әрекет жасау схемалары жасалған жоқ және т.б.

Осыған байланысты, республика кәсіпкерлігін қолдаудың рыноктық инфрақұрылымын табысты дамыту үшін, шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын қарқынды дамытуға бағытталған қолайлы институционалдық ахуалды қалыптастыру мақсатында Агенттік "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі Республикалық Ақпараттық-Көрме Орталығы" (бұдан әрі - РАКО) атты тіке біріктірілген құрылымды құру бастамасын көтерді. Осы құрылым ақпараттық қызметтер көрсетумен және шағын бизнес субъектілері өндіріп отырған өнімдер көрмелерін ұйымдастырумен, шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымы объектілерінің қызметін ұйымдастыру әдіснамасын әзірлеумен айналысатын болады.

## 5.2. Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және олардың іске асырылуын бақылау

Республикада 1992 жылдан бастап 2000 жылға дейін бұрын қабылданған кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын талдау шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі нормативтік құқықтық базаның іс жүзінде қ а л ы п т а с қ а н ы н а й ғ а қ т а й д ы .

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлылық туғызудың құқықтық режимін б е л г і л е у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кәсіпкерлердің қоғамдық құрамаларына әдістемелік көмек көрсете отырып, сондай-ақ оларды нормативтік әдістемелік құжаттар жөнінде, сондай-ақ келіп-түсіп жатқан өтініштер жөнінде, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылуымен байланысты консультация бере отырып, олардың қызметін жандандыруға ұмтылу қажет. Сонымен қатар, кәсіпкерлер бірлестіктерінің күш-жігерін "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген өз құқықтары мен өкілеттіктерін кеңінен және нәтижелі пайдалануға бағдарлау және б а ғ ы т т а у к е р е к .



Мұндай көзқарас заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің аймақта орындалуына неғұрлым тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ тартысты дауларды, оның ішінде соттық анықтау жолымен шешу практикасын жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері мен бақылаушы органдар арасында өркениетті қарым-қатынастардың қалыптасуына, сондай-ақ өзара қатынастардағы қайшылықтарды жою жөнінде сындарлы ұсыныстар әзірлеуге кәсіпкерлердің орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларымен тақырыптық кездесулері жәрдемдесуге қабілетті.

Экономиканың нақты секторы қызметінің әртүрлі салаларында франчайзингтік қатынастарды дамыту мен құруды қамтамасыз ету үшін бірқатар заң және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

### 5.3. Шағын бизнесті қолдаудың қаржылық-несиелік және инвестициялық саясатының тетіктерін жетілдіру

Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау: екінші деңгейдегі банктердің басымдықты секторларды мақсатты мемлекеттік заемдарды тарту есебінен конкурстық негізде несиелендіру;

екінші деңгейдегі банктердің, әсіресе аймақтарда коммуналдық меншік объектілерінен кепілдік қорлар қалыптастыру негізінде өндірістік қызметпен айналысатын шағын бизнес субъектілеріне беретін несиелерді жергілікті атқарушы органдардың кепілдендіру жүйесін енгізу және дамыту;

өндіріс саласындағы және қызмет көрсетулер саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несиелерді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін әзірлеу;

көрсетілген мақсаттарға арналған қаражат тиісті жылғы республикалық бюджетте көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен бірлесе отырып бюджеттік қоса қаржыландыру;

қоғамдардың өзара несиелер алысу және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру жөнінде тетіктер әзірлеу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Шағын кәсіпкерлік саласындағы инвестициялық саясат шағын бизнес субъектілерінің қажеттіліктеріне жауап беретін жабдықтарды шығаруға қабілетті компанияларға бағдарланған, шағын бизнес субъектілерінің өндірістік бағыттылығы, олардың өнімнің жаңа түрлерін игеруі, техникалық және технологиялық прогрессивтілігі ескерілетін болады.

Мемлекеттік қолдаудың пәрменді шараларының бірі өндіріс және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілері арасындағы мемлекеттік тапсырысты орналастыру болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамытудың осындай практикасы ірі компаниялардың шағын бизнес субъектілерімен кооперативтік байланыстарын кеңейту және олардың өнімнің (жұмыстар, қызмет көрсету) белгілі бір

түрлерін өндіріске тарту жолымен мүмкін болады.

#### 5.4. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Кәсіпкерлік үшін кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың жеткіліксіздігі республикада шағын кәсіпкерліктің даму қарқынын баяулатып отырған себептердің бірі болып табылады. Қазақстанда кәсіпкерлік рыноктық құрылымдарды құру және олардың қызметін қамтамасыз ету білімі мен тәжірибесі бар кәсіптік кадрларға өте зәру к ү й к е ш і п о т ы р .

Шағын кәсіпкерлікті орташа мерзімді болашақта кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету оқытушыларды кәсіпкерлік пен шағын бизнеске мақсатты бағдарлай отырып даярлауды, ұйымдастыру желілерін құруды, отандық және шетелдік озық тәжірибені қазақстандық аймаққа трансферттеуді жүзеге асыруды, дистанциялық бизнес білімін беруді дамытуды, оқыту және консалтингтік орталықтардың икемді және тармақталған жүйесін құруды қамтитын бірқатар іс-шараларды іске асыруды білдіреді.

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы үшін қазіргі кезеңде прогрессивті маркетингтік ортаны және Интернет желісінде деректердің салалық (салааралық) дерекқорын құра отырып, бірыңғай ақпарат базасын, байланыстың телекоммуникациялық жүйесін, талдамалар алмасу схемасын құру, талдамалар мен технологиялардың аймақаралық және халықаралық трансфертінің жүйесін құру және инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың мақсатты бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуге, ірі халықаралық жобаларға қатысуға мүмкіндік жасау қажет. Әр аймақтың өзіне тән проблемаларын шешуге бағдарланған оқу-ғылыми орталықтарын құрудың аймақтық қағидаты қазіргі уақытта еш шүбә келтірмейді.

Кәсіпкерлікті, әсіресе шағын кәсіпкерлікті қолдауды реттеудің тиімді шараларын жүзеге асырудың анық және нақты қажеттігіне қарамастан, нарықтық экономикасы дамыған елдердің практикалық тәжірибесін негізге ала отырып, оларды әзірлеу мен іске асыру едәуір кешеуілдеп келеді. Оның себептерінің бірі кәсіпкерлік саласында ғылыми зерттеулер жүргізуде үйлестірудің жоқтығы болып табылады. Осы тақырыпқа ғылыми зерттеулер, әдетте, бастама жасау тәртібімен жүзеге асырылады және осы ұйымдардың немесе мүдделі тұлғалардың ішкі мүдделерін білдіреді.

Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін ел экономикасы мен кәсіпкерлігінің, шетел практикасының дамуы туралы талдау деректеріне сүйенетін нысаналы болжамдық зерттеулерді, жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігін ескере отырып, жолға қою қажет. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың осы және өзге шараларын қабылдау ақиқатты ғылыми талдауға және жеткілікті дәлелденген әдістемелік ұсынымдарға сүйенуге тиіс.

РАКО және оның аймақтық құрылымдық желісі шағын кәсіпкерлікті дамытудың

жоғарыда аталған іс-шараларын нақты іске асыру үшін негіз болуға тиіс.

#### 5.5. Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту

Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік ортамен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталады.

Бағдарламаның іс-шаралары негізінен аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын болады. Аймақтық бағдарламалар мәслихаттардың сессияларында бекітіледі және жұмыстың мынадай негізгі бағыттарын:

шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымының элементтерін облыстық және аудандық деңгейлерде құру жөніндегі шараларды;

халықтың, әсіресе жұмыспен қамтылмаған неғұрлым қалың жіктерін кәсіпкерлік қызмет саласына тарту жөніндегі іс-шараларды;

аяқталмаған құрылыс пен пайдаланылмай отырған объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру мәселелерін;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қ а м т у ғ а т и і с .

#### 6. Ресурстық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген Іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін республикалық бюджеттен жыл сайын 50 миллион теңге көлемінде қаражат бөлу көзделіп отыр. Аймақтардың шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қаржылық қамтамасыз етуі жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жыл сайын осы мақсаттарға көзделетін қаржы бөлу шегінде жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бағдарламаны орындау үшін, сондай-ақ банктердің; халықаралық ұйымдардың техникалық және консультациялық көмек шеңберінде көзделетін қаражаты тартылатын б о л а д ы .

#### 7. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау

Бағдарламаның іс-шараларын орындау шеңберінде шағын кәсіпкерлік саласындағы жұмыс орындарының санын екі миллионға дейін арттыруға мүмкіндік беретін шағын кәсіпкерліктің жұмыс істеп тұрған субъектілерін сақтау және жаңа субъектілерін құру үшін жағдаймен қамтамасыз ету

көзделуде, яғни 500 мың жаңа жұмыс орнын құру көзделуде.

Бұрынғы Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру нәтижесінде 2000 жылғы

1 қазандағы жағдай бойынша 201 мың жаңа жұмыс орны құрылған болатын.

Бағдарламаның іс-шараларын аяқтағаннан кейін шағын кәсіпкерліктің ішкі жалпы өнімдегі жалпы үлесі 22 пайызға өседі деп күтілуде.

Мамандар:

Бағарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.